

## 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Жай бөлшектерге амалдар қолдану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

**Тақырып** Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру  
Жай бөлшектерді қосу және азайту  
Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту  
Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар  
Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу

**Оқу мақсаты** 5.1.2.18 бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау  
5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау  
5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау  
жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау  
берілген санға кері санды табу

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*


- Бөлшек сандарды қосу және азайтуды орындайды
- Бөлшек сандарды көбейту және бөлуді орындайды
- Берілген сандарға кері сандарды табады

**Ойлау дағдыларының деңгейлері** Қолдану

**Орындау уақыты** 20 минут

### Тапсырма

1. Сызбадағы берілгендерді пайдаланып, жолдардың қайсысы  $ABC$  немесе  $ADC$  қысқа екенін анықтаңыз? Қаншаға қысқа?



2. Есептеңіз: 
$$44 \cdot \frac{1}{2} - \frac{2 \frac{1}{3} : 3 \frac{1}{3} \cdot 2}{5 : \frac{1}{2} - 15 : \frac{5}{8} \cdot 3 \frac{1}{8} \cdot 1 \frac{3}{5}}$$

3.  $\frac{5}{17}$ ;  $\frac{51}{37}$ ;  $\frac{a}{3}$ ;  $\frac{1}{b}$ ;  $\frac{k}{p}$  сандарына кері сандарды жазыңыз.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Бөлшек сандарды қосу және азайтуды орындайды	1	<i>ABC</i> жолының ұзындығын табады;	1
		<i>ADC</i> жолының ұзындығын табады;	1
		аралас сандарды салыстырады;	1
		аралас сандарды азайтады;	1
		жолдардың айырмашылығын анықтайды;	1
Бөлшек сандарды көбейту және бөлуді теңдеу шешу барысында қолданады	2	жай бөлшекті бүтін санға көбейтеді;	1
		бүтін санды жай бөлшекке бөледі;	1
		жай бөлшектерді бөледі;	1
		аралас сандарды бөледі;	1
		қысқартуды орындайды;	1
		жауабын табады;	1
Берілген сандарға кері сандарды табады	3	дұрыс бөлшектер үшін кері сандарды табады;	1
		бұрыс бөлшек үшін кері сандарды табады;	1
		әріпті өрнектер үшін кері өрнектерді жазады.	1
<b>Жалпы балл</b>			<b>14</b>

**«Жай бөлшектерге амалдар қолдану» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикалар**

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Бөлшек сандарды қосужәне азайтуды орындайды	Бөлшек сандарды қосужәне азайтуды орындауда қиналады <input type="checkbox"/>	Бөлшек сандарды қосужәне азайтуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Бөлшек сандарды қосужәне азайтуды дұрыс орындайды <input type="checkbox"/>
Бөлшек сандарды көбейту және бөлуді теңдеу шешу барысында қолданады	Жай бөлшекті аралас санғажөбейтуге, бөлуге қиналады <input type="checkbox"/>	Жай бөлшекті аралас санғажөбейтуде, бөлуде қателеседі <input type="checkbox"/>	Жай бөлшекті аралас санға жөбейтуді,бөлуді дұрыс орындайды <input type="checkbox"/>
Берілген сандарға кері сандарды табады	Сандарға, әріпті өрнектерге кері сандарды, әріпті өрнектерді анықтағандақиналады <input type="checkbox"/>	Дұрыс бөлшек / бұрыс бөлшек / әріпті өрнек үшін кері өрнектерді табу барысында қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Берілген сандарға, әріпті өрнектерге кері сандарды, әріпті өрнектерді дұрыс табады <input type="checkbox"/>